

«Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ

Қаржылық есептілік

*2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
тәуелсіз аудиторлардың есебімен бірге*

МАЗМҰНЫ

Тәуелсіз аудиторлардың есебі

Қаржылық есептілік

Қаржылық жағдай туралы есеп.....	1
Жиынтық кіріс туралы есеп	2
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп	3
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп.....	4
Қаржылық есептілікке ескертпелер.....	5-24



«Эрнст энд Янг» ЖШС
Әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961
www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг»
пр. Аль-Фараби, 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961

Ernst & Young LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Esentai Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 5960
Fax: +7 727 258 5961

Тәуелсіз аудиторлардың есебі

«Ұлттық нейрохирургия орталығы» акционерлік қоғамының акционеріне және басшылығына

Біз «Ұлттық нейрохирургия орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - «Компания») қоса беріліп отырған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп және көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін жиынтық кіріс туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп және капиталдағы өзгерістер туралы есеп, сондай-ақ есеп саясатының маңызды аспектілері туралы ақпарат пен басқа да түсіндірме ақпараты жатады.

Басшылықтың қаржылық есептілікке қатысты жауапкершілігі

Компания басшылығы осы қаржылық есептілікті Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірлеуге және дұрыс беруге әрі басшылықтың пікірінше шынайы емес әрекеттердің немесе қате салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп айқындайтын ішкі бақылау процедуралары үшін жауап береді.

Аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің міндетіміз жүргізілген аудиттің негізінде осы қаржылық есептілік туралы өз ойымызды білдіру болып табылады. Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттар біздің әдеп нормаларын сақтауымызды, аудитті қаржылық есептілікте маңызды бұрмаланулардың жоқтығына жеткілікті түрде сенімді болатындай етіп жоспарлауымызды және жүргізуімізді талап етеді.

Аудит қаржылық есептілікте берілген сомалар мен ақпаратқа қатысты аудиторлық дәлелдер алуға бағытталған процедуралардың орындалуын қамтиды. Шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан қаржылық есептіліктің едәуір бұрмалану тәуекелін бағалауды қоса алғанда, процедураларды таңдау аудитор тұжырымдарына негізделеді. Бұл тәуекелді бағалау кезінде аудитор қаржылық есептілікті дайындау мен дұрыс беруге қатысты ішкі бақылау аспектілерін компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірін білдіру үшін емес, нақты жағдайларда қажет аудит процедураларын анықтау үшін қарастырады. Сондай-ақ Аудит таңдалған есеп саясатының орындылығы мен басшылық жасаған бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін бағалауды және тұтас қаржылық есептіліктің берілуін бағалауды қамтиды.

Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп санаймыз.



Building a better
working world

Пікір

Біздің ойымызша қаржылық есептілік барлық маңызды аспектілерде «Ұлттық нейрохирургия орталығы» акционерлік қоғамның 2015 жылдың 31 желтоқсанына қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін оның қаржы нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес лайықты түрде көрсетеді.

Ernst & Young LLP



Александр Назаркулов
Аудитор

Аудитордың 2012 жылғы 6 қаңтардағы
№ МФ-0000059 біліктілік куәлігі

2016 жылғы 1 наурыз



Евгений Жемалетдинов
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Қазақстан Республикасының аумағында
аудиторлық қызметпен айналысуға арналған
мемлекеттік лицензия: сериясы МФЮ - 2,
№ 0000003, Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрлігімен 2005 жылғы 15 шілдеде
берілген.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

Мың теңгемен	Ескер.	2015 жылғы 31 желтоқсан	2014 жылғы 31 желтоқсан
Активтер			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	5	6.253.792	6.039.868
Материалдық емес активтер	6	23.943	31.746
Берілген аванстар		76.975	29.208
Басқа да қаржы активтері		41.580	41.580
		6.396.290	6.142.402
Ағымдағы активтер			
Тауар-материалдық қорлар	7	273.812	181.285
Дебиторлық берешек	8	87.290	133.816
Қысқа мерзімді депозиттер	9	1.896.912	1.203.510
Басқа да ағымдағы активтер		3.947	3.059
Ақша қаражаты және олардың баламалары	10	1.512.160	1.002.809
		3.774.121	2.524.479
Активтер жиыны		10.170.411	8.666.881
Капитал			
Жарғылық капитал	11	7.443.026	7.443.026
Қосымша төленген капитал	11	385.734	385.734
Резервтік капитал		23.525	23.525
Бөлінбеген пайда / жинақталған залал		542.152	(132.463)
Капитал жиыны		8.394.437	7.719.822
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Мемлекеттік жәрдем қаражат	12	1.475.817	758.835
		1.475.817	758.835
Ағымдағы міндеттемелер			
Мемлекеттік жәрдем қаражат	12	49.244	35.149
Кредиторлық берешек		67.140	24.709
Қызметкерлердің алдындағы берешек		81.513	75.846
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	13	102.260	52.520
		300.157	188.224
Міндеттемелер жиыны		1.775.974	947.059
Капитал мен міндеттемелер жиыны		10.170.411	8.666.881

Басқарма Төрағасы



Ақиулаков С.К.

Қаржы директоры

Қаирленов К.А.

Бас бухгалтер



Ермаганбетова А.А.

5-24 бет аралығында қоса берілген ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады.

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

<i>Мың теңгемен</i>	Ескер.	2015	2014
Қызметтерді көрсетуден түскен түсім	14	4.130.118	3.969.679
Көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	15	(4.642.379)	(3.813.240)
(Жалпы шығын)/пайда		(512.261)	156.439
Жалпы және әкімшілік шығыстар	16	(335.779)	(263.359)
Мемлекеттік жәрдемақыдан кіріс	12	48.050	31.491
Басқа да кірістер		51.630	50.249
Басқа да шығыстар	17	(105.821)	(294)
Операциялық қызмет келтірген залал		(854.181)	(25.474)
Бағамдық айырма кірістері, нетто	18	1.465.593	9.373
Қаржылық кірістер		63.203	75.205
Салық салынғанға дейінгі пайда/(зиян)		674.615	59.104
Табыс салығы бойынша шығыстар	19	-	-
Жыл ішіндегі пайда/(зиян)		674.615	59.104
Есепті жылғы басқа да жиынтық кіріс		-	-
Есепті жылғы жиынтық пайда/(зиян) жиыны		674.615	59.104

Басқарма Төрағасы



Акишулаков С.К.

Қаржы директоры

Қаирленов К.А.

Бас бухгалтер

Ермаганбетова А.А.

5-24 бет аралығында қоса берілген ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады.

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескер.	2015	2014
Операциялық қызмет			
Көрсетілген қызметтерден түскен түсімдер		3.631.133	3.288.459
Сатып алушылардан, тапсырыс берушілерден алынған аванстар		541.650	739.999
Алынған сыйақы		61.808	70.512
Өзге де түсімдер		1.493.118	90.599
Тауарлар мен қызметтер үшін өнім берушілерге төлемдер		(2.017.805)	(1.610.652)
Берілген аванстар		(59.575)	(81.206)
Жалақы бойынша төлемдер		(1.464.939)	(1.101.140)
Бюджетке төленетін басқа да төлемдер		(283.842)	(390.693)
Өзге төлемдер		(272.647)	(59.880)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза ағымдары		1.628.901	945.998
Инвестициялық қызмет			
Қысқа мерзімді банк салымдарын орналастыру		(1.896.912)	(1.203.510)
Қысқа мерзімді банк салымдарын жабу		1.203.510	-
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(1.205.275)	(687.652)
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражатының ағымдары		(1.898.677)	(1.891.162)
Қаржылық қызмет			
Мемлекеттік жәрдем қаражат	12	779.127	484.886
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза ағымдары		779.127	484.886
Ақша қаражаты және олардың баламаларының таза өзгеруі		509.351	(460.278)
Жыл басындағы ақша қаражаты мен олардың баламалары		1.002.809	1.463.087
Жыл соңындағы ақша қаражаты мен олардың баламалары	10	1.512.160	1.002.809

Басқарма Төрағасы



Ахиулаков С.К.

Қаржы директоры

Қаирленов К.А.

Бас бухгалтер

Ермаганбетова А.А.


5-24 бет аралығында қоса берілген ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Резервтік капитал	(Жинақталған залал)/ бөлінбеген пайда	Жиыны
2014 жылдың 1 қаңтарына	7.443.026	385.734	23.525	(191.567)	7.660.718
Бір жылғы пайда	-	-	-	59.104	59.104
Бір жылғы жиынтық пайда жиыны	-	-	-	59.104	59.104
2014 жылдың 31 желтоқсанына	7.443.026	385.734	23.525	(132.463)	7.719.822
Бір жылғы пайда	-	-	-	674.615	674.615
Бір жылғы жиынтық пайда жиыны	-	-	-	674.615	674.615
2015 жылдың 31 желтоқсанына	7.443.026	385.734	23.525	542.152	8.394.437

Басқарма Төрағасы



Ақиулаков С.К.

Қаржы директоры

Қаирленов К.А.

Бас бухгалтер

Ермаганбетова А.А.

5-24 бет аралығында қоса берілген ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ**

«Ұлттық нейрохирургия орталығы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі «Компания») Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 19 наурыздағы № 268 қаулысына сай «Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорын ретінде құрылды. 2008 жылғы 9 желтоқсанда Компания мемлекеттің жарғылық капиталға жүз пайыздық қатысуымен «Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығы» акционерлік қоғамына қайта құру арқылы қайта ұйымдастырылды. Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 20 қарашадағы № 9 шешімінің негізінде «Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығы» АҚ «Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ болып атауы өзгертілді. «Ұлттық медициналық холдинг» АҚ-ның (бұдан әрі «Акционер» немесе «ҰМХ») Компанияның жалғыз акционері болып табылады. «Ұлттық медициналық холдинг» АҚ жалғыз Акционері «Назарбаев Университеті» Дербес білім беру ұйымы (бұдан әрі «Университет») болып табылады. Университеттің қызметі Қазақстан Республикасының «*Назарбаев Университеті мәртебесі туралы*», «*Назарбаев Зияткерлік мектептері*» және «*Назарбаев Қоры туралы*» 2011 жылғы 19 қаңтардағы арнайы Заңымен (бұдан әрі – «Заң») реттеледі. Заңға сай дербес білім беру ұйымы коммерциялық емес ұйымның мүшесі болып табылмайтын, Қазақстан Республикасының Үкіметі құратын ұйым болып табылады, әрі оның құқық мәртебесі мен қызметінің ерекше құқықтық режимі Заңды айқындалған. Қазақстан Республикасының Үкіметі Университеттің құрылтайшысы болып табылады. Құрылтайшының дербес білім беру ұйымдарының мүлкіне мүліктік құқықтары жоқ және ол құрған дербес білім беру ұйымдарының міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал олар құрылтайшының міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Университеттің жоғары басқару органы Жоғары қамқоршылық кеңес болып табылады.

Жоғары білікті медициналық қызметтерді көрсету, нейрохирургия саласында ғылыми зерттеулерді жүргізу, сондай-ақ жоғары білімнен кейін білім беру қызметтерін көрсету және біліктілікті арттыру Компанияның негізгі қызметі болып табылады.

Компания мына мекенжай бойынша тіркелген: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Тұран даңғылы, 34/1.

Компанияның осы қаржылық есептілігін шығаруға Компания Басқармасының Төрағасы, Қаржы директоры және Бас бухгалтері 2016 жылдың 1 наурызында бекітті.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ӨЗІРЛЕУ НЕГІЗІ

Компанияның осы қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес (бұдан әрі «ХҚЕС жөніндегі Кеңес») бекіткен редакцияда Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан «ХҚЕС») сәйкес әзірленді.

Осы қаржылық есептілік, *3-ескертедегі* есеп саясатында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, тарихи құны бойынша бағалау қағидатына сәйкес дайындалды. Қаржылық есептілік қазақстандық теңгемен (бұдан әрі «теңге») жасалды, ал барлық сомалар, өзге көрсетілген жағдайлардан басқа, мыңдық мағынаға дейін дөңгелектенді.

Қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес дайындау белгілі бір сыни бухгалтерлік бағалаулар мен жорамалдарды пайдалануды талап етеді. Сондай-ақ ол басшылықтан Компанияның есеп саясатын қолдану барысында пайымдаулар пайдалануын талап етеді. Пайымдауларды қолданудың барынша жоғары дәрежесін немесе барынша жоғары күрделілікті қолдануды болжайтын қызмет аялары немесе жорамалдар мен бағалаулар қаржылық есептілік үшін маңызды болып табылатын салалар *4-ескертеде* ашылып көрсетілген.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ**Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер**

Қабылданған есеп саясаты, төменде келтірілген 2015 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезендерге қатысты күшіне енетін жаңа және қайта қаралған стандарттардың қабылдануын қоспағанда, алдыңғы есепті жылда қолданылған есеп саясатына сәйкес келеді.

- 19 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер «*Белгіленген төлемдері бар бағдарламалар: жұмыскерлердің жарналары*»
- ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2010-2012 жылдар.
- ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2011-2013 жылдар.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)**

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

Жаңа стандарттың/түзетудің сипаты мен әсері төменде сипатталған:

19 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер «Белгіленген төлемдері бар бағдарламалар: жұмыскерлердің жарналары»

19 ХҚЕС (IAS) белгіленген төлемдері бар бағдарламаларды есепке алу кезінде ұйым жұмыскерлер мен үшінші тұлғалардың тарапынан жарналарды назарға алуын талап етеді. Егер жарналар қызметтерді көрсетумен байланысты болса, олар теріс сыйақы ретінде қызмет көрсету кезеңдеріне жатқызылуы тиіс. Бұл түзетулер, егер жарна сомасы қызметтерді көрсету жылдарына тәуелді болмаса, ұйым мұндай жарналарды қызметтерді көрсету кезеңдеріне жатқызудың орнына оларды тиісті қызметтер көрсетілген кезеңде қызмет құнының азаюы ретінде мойындай алатындығын түсіндіреді. Мұндай түзету 2014 жылғы 1 шілдеден немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Бұл түзету Компанияның қызметіне қолданылмайды, өйткені Компанияның жұмыскерлердің немесе үшінші тұлғалардың тарапынан жарналарды көздейтін белгіленген төлемдері бар бағдарламалары жоқ.

ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2010-2012 жылдар

2014 жылғы 1 шілдеде немесе осы күннен кейін ұсыну күнімен, акцияларға негізделген төлемдерге қолданылатын 2 ХҚЕС-ке (IFRS) «Акцияларға негізделген төлемдер» қатысты түзетулерді қоспағанда, барлық қалған түзетулер 2014 жылғы 1 шілдеден немесе осы күннен кейін басталатын есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Компания келесі түзетулерді осы қаржылық есептілікте алғаш рет қолданды:

2 ХҚЕС (IFRS) «Акцияларға негізделген төлем»

Бұл түзету перспективті түрде қолданылады және нәтижелерге қол жеткізу шарттарының анықтамасымен байланысты мәселелерді және құқықтардың берілу шарттары болып табылатын қызметтерді көрсету кезеңінің шарттарын түсіндіреді. Түзету нәтижелерге қол жеткізу шарттарын және алдыңғы кезеңдегі құқықтардың берілу шарттары болып табылатын қызметтерді көрсету кезеңінің шарттарын анықтау үшін Компания қолданған әдіске сәйкес келеді. Бұл түзету Компанияның қаржылық есептілігіне немесе есеп саясатына әсер етпеді.

3 ХҚЕС (IFRS) «Бизнесі біріктіру»

Түзету перспективті түрде қолданылады және бизнесті біріктіру нәтижесінде туындаған міндеттемелер (немесе активтер) ретінде жіктелген шартты өтеу туралы барлық келісімдер кейіннен олардың 39 ХҚЕС-тің (IAS) қолданылу аясына жататындығына қарамастан пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша ескерілуі тиіс екендігін түсіндіреді. Бұл түзету Компанияның қаржылық есептілігіне немесе есеп саясатына әсерін тигізбеді.

8 ХҚЕС (IFRS) «Операциялық сегменттер»

Түзетулер ретроспективті түрде қолданылады және мыналарды түсіндіреді:

- Ұйым агрегацияланған операциялық сегменттердің қысқаша сипаттамасын және сегменттердің «соған ұқсас» болып табылатындығын бағалау үшін пайдаланылған экономикалық сипаттамаларды (мысалы, сату және жалпы маржа) қоса алғанда, 8 ХҚЕС-тің (IFRS) 12-тармағында көрсетілген агрегациялау критерийлерін қолдану кезінде басшылық пайдаланған пайымдаулар туралы ақпаратты ашып көрсетуі тиіс.
- Сегмент активтерін жалпы активтер сомасымен салыстыруды, сондай-ақ сегмент бойынша міндеттемелер туралы ақпаратты, тек егер салыстырып тексеру операциялық шешімдерді қабылдайтын басшылыққа ұсынылса ғана, ашып көрсету қажет.

Компания 8 ХҚЕС (IFRS) 12-тармағынан агрегациялау критерийлерін қолданған жоқ, өйткені Компанияның операциялық сегменттері жоқ.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2010-2012 жылдар (жалғасы)

16 ХҚЕС (IAS) «Негізгі құралдар» және 38 ХҚЕС (IAS) «Материалдық емес активтер»

Түзету ретроспективті түрде қолданылады және 16 ХҚЕС (IAS) пен 38 ХҚЕС (IAS) актив қадағаланатын деректерді ескере отырып не болмаса оның жалпы баланстық құнын нарықтық құнға дейін түзету арқылы немесе баланстық құн үшін нарықтық құнды айқындау және түпкі баланстық құн активтің нарықтық құнына тең болатындай етіп жалпы баланстық құнды пропорционалды түзету арқылы қадағаланатын деректерді пайдаланудың негізінде қайта бағалануы мүмкін. Сонымен бірге, жинақталған амортизация – активтің жалпы және баланстық құнының арасындағы айырма екендігі түсіндіріледі. Бұл түзету Компанияның қаржылық есептілігіне немесе есеп саясатына әсерін тигізбеді.

24 ХҚЕС (IAS) «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсету»

Түзету ретроспективті түрде қолданылады және басқарушы компания (негізгі басқарушы персоналдың қызметтерін көрсететін ұйым) байланысты тарап болып табылатындығын және оған байланысты тараптар туралы ақпараттың ашылып көрсетілуі жайында қойылатын талаптар қолданылатындығын түсіндіреді. Сондай-ақ басқарушы компанияның қызметтерін пайдаланатын ұйым басқарушы компаниялардың қызметтеріне жұмсалатын шығыстар туралы ақпаратты ашып көрсетуі тиіс. Бұл түзету Компанияға қолданылмайды, өйткені Компания басқарушы компаниялар көрсететін қызметтерді пайдаланбайды.

ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2011-2013 жылдар

3 ХҚЕС (IFRS) «Бизнесті біріктіру»

Түзету перспективті түрде қолданылады және 3 ХҚЕС-ті (IFRS) қолданылу аясынан болған ерекшеліктерді түсіндіреді:

- 3 ХҚЕС-ті (IFRS) қолданылу аясына тек бірлескен кәсіпорындар ғана емес, бірлескен кәсіпкерлік туралы барлық келісімдер жатпайды.
- Бұл қолданылу аясынан алынған ерекшелік қаржылық есептілікте бірлескен кәсіпкерлік туралы келісімнің өзін есепке алуға қатысты ғана қолданылады.

Компания бірлескен кәсіпкерлік туралы келісім болып табылмайды, сондықтан бұл түзету Компанияға қолданылмайды.

13 ХҚЕС (IFRS) «Әділ құнды бағалау»

Түзету перспективті түрде қолданылады және әділ құнды портфель деңгейінде бағалау мүмкіндігін көздейтін 13 ХҚЕС-тен (IFRS) босату тек қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерге ғана емес, сол сияқты 39 ХҚЕС-тің (IAS) қолданылу аясындағы басқа да шарттарға қолданыла алатындығын түсіндіреді. Компания әділ құнды портфель деңгейінде бағалау мүмкіндігін көздейтін 13 ХҚЕС-тен (IFRS) босатуды қолданбайды.

40 ХҚЕС (IAS) «Инвестициялық мүлік»

40 ХҚЕС-те (IAS) қосымша қызметтердің сипаттамасы инвестициялық мүліктің және меншік иесі алып отырған мүліктің (яғни негізгі құралдар) арасындағы айырмашылықты айқындайды. Түзету перспективті түрде қолданылады және 3 ХҚЕС (IFRS), 40 ХҚЕС-тегі (IAS) қосымша қызметтердің сипаттамасы емес, операцияның активті сатып алу немесе бизнесті біріктіруі болып табылатындығының анықтамасы үшін пайдаланылатындығын түсіндіреді. Бұл түзету Компанияның қаржылық есептілігіне немесе есеп саясатына әсер етпеді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)**Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар**

Төменде Компанияның қаржылық есептілігін шығару күніне шығарылған, бірақ күшіне енбеген стандарттар мен түсіндірмелер келтіріледі. Компания осы стандарттарды олардың күшіне ену күнінен бастап қолдануға ниет білдіріп отыр.

9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары»

2014 жылғы шілдеде ХҚЕС жөніндегі кеңес 9 ХҚЕС-тің (IFRS) «Қаржы құралдары» түпкі редакциясын шығарды, ол 39 ХҚЕС-ті (IAS) «Қаржы құралдары: тану және бағалау» және 9 ХҚЕС-тің (IFRS) барлық алдыңғы редакцияларын ауыстырады. 9 ХҚЕС (IFRS) қаржы құралдарын есепке алу жобасының үш бөлігінің басын біріктіреді: жіктеу мен бағалау, құнсыздану және хеджирлеуді есепке алу.

9 ХҚЕС (IFRS) 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Хеджирлеудің есепке алынуын қоспағанда, стандарт ретроспективті түрде қолданылады, бірақ салыстырмалы ақпараттың ұсынылуы міндетті болып табылмайды. Хеджирлеудің есепке алынуына қатысты талап, ең алдымен, бірқатар шектелген ерекшеліктермен перспективті түрде қолданылады.

Компания талап етілген күшіне енгізу күнінен бастап жаңа стандартты қолдануды бастауды жоспарлап отыр. 2015 жылы Компания 9 ХҚЕС-тің (IFRS) барлық үш бөліктерінің әсерін жалпы бағалады. Мұндай алдын ала бағалау қазіргі уақытта қолжетімді ақпаратқа негізделеді және барынша толық талдаудың немесе Компанияға келешекте қолжетімді болатын қосымша негізделген әрі расталатын ақпараттың салдарынан өзгертілуі мүмкін. Жалпы, Компания жаңа талаптардың өзінің қаржылық жағдай туралы есебіне және 9 ХҚЕС-тің (IFRS) құнсыздануына қойылатын талаптардың қолданылуын қоспағанда, меншікті капиталға айтарлықтай әсер етеді деп күтпейді.

14 ХҚЕС (IFRS) «Кейінге қалдырылған тарифтік айырмалар шоттары»

14 ХҚЕС (IFRS) міндетті стандарт болып табылмайды, әрі ол қызметі тарифтік реттелуге жататын ұйымдарға ХҚЕС-ті алғаш рет қолданғаннан кейін кейінге қалдырылған тарифтік айырмалардың шоттары бойынша қалдықтарға қатысты есеп саясатының қолданыстағы қағидаттарының көпшілігін қолдануды жалғастыруға рұқсат етеді. 14 ХҚЕС-ті (IFRS) қолданатын ұйымдар кейінге қалдырылған тарифтік айырмалар шоттарын қаржылық жағдай туралы есепте бөлек жолдармен көрсетулері тиіс, ал мұндай қалдықтар бойынша қозғалыстарды – пайда немесе зиян және БЖК туралы есепте бөлек жолдармен. Стандарт тарифтік реттеудің сипаты және соған байланысты тәуекелдер туралы, сондай-ақ мұндай реттеудің ұйымның қаржылық есептілігіне әсері туралы ақпаратты ашып көрсетуді талап етеді. 14 ХҚЕС (IFRS) 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Компания есептілікті ХҚЕС бойынша дайындайтындықтан, бұл стандарт оның қаржылық есептілігіне қолданылмайды.

11 ХҚЕС-ке (IFRS) «Бірлескен қызмет» – «Бірлескен операцияларда қатысу үлестерінің сатып алынуын есепке алу» түзетулер

11 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер бірлескен операциялардың қатысушысы бірлескен операциядағы қатысу үлесінің сатып алынуын ескеруін талап етеді, әрі оның қызметі бизнестің бірігуін есепке алу үшін тиісті 3 ХҚЕС (IFRS) қағидаттарына сай бизнесті білдіреді. Сондай-ақ түзетулер бірлескен операцияда бұрын болған қатысу үлестері, егер бірлескен бақылау сақталып қалса, дәл сол бірлескен операцияда қосымша қатысу үлесін сатып алу кезінде қайта бағаланбайтындығын түсіндіреді. Сонымен қатар, 11 ХҚЕС-ке (IFRS) қолданылу аясынан алынған ерекшелік қосылды, соған сай бұл түзетулер, егер бірлескен бақылауды жүзеге асыратын тараптар (есеп беретін ұйымды қоса алғанда) дәл сол бір түпкі бақылаушы тараптың жалпы бақылауында болса, қолданылмайды.

Түзетулер бірлескен операциядағы бастапқы қатысу үлесін сатып алуға қатысты, сол сияқты дәл сол бірлескен операциядағы қосымша үлестерді сатып алуға қатысты қолданылады және 2016 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты перспективті негізде күшіне енеді, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді деп күтілуде.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)**Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттар (жалғасы)***16 ХҚЕС-ке (IAS) және 38 ХҚЕС-ке (IAS) «Рұқсат етілген амортизациялау әдістерін түсіндіру» түзетулер*

Түзетулер 16 ХҚЕС (IAS) және 38 ХҚЕС (IAS) қағидаттарын түсіндіреді, олар түсім активті пайдаланушы шеңберінде пайдаланылатын экономикалық пайданы емес, бизнес қызметінің (оның бір бөлігі актив болып табылады) нәтижесінде болатын экономикалық пайданың құрылымын көрсетеді. Нәтижесінде түсімге негізделген әдіс негізгі құралдарды амортизациялау үшін пайдалана алмайды және материалдық емес активтерді амортизациялау үшін сирек жағдайларға ғана пайдаланылуы мүмкін. Түзетулер 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты перспективті негізде қолданылады, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне әсер етпейді деп күтілуде, өйткені Компания өзінің айналымнан тыс активтерін амортизациялау үшін түсімге негізделген әдісті пайдаланбады.

27 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер «Жекелеген қаржылық есептіліктегі үлестік қатысу әдісі»

Түзетулер ұйымдарға еншілес ұйымдарға, бірлескен кәсіпорындарға және тәуелді ұйымдарға жасалған инвестицияларды жекелеген қаржылық есептілікте есепке алу үшін үлестік қатысу әдісін пайдалануға рұқсат береді. ХҚЕС-ті қолданып жүрген және өздерінің жекелеген қаржылық есептілігінде үлестік қатысу әдісіне өту туралы шешім қабылдайтын ұйымдар бұл өзгерістерді ретроспективті қолдануы тиіс. ХҚЕС-ті алғаш рет қолданатын және өздерінің жекелеген қаржылық есептілігінде үлестік қатысу әдісіне өту туралы шешімді қабылдайтын ұйымдар бұл әдісті ХҚЕС-ке өткен күннен бастап қолдануға міндетті. Түзетулер 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді.

10 ХҚЕС (IFRS) пен 28 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер «Инвестор мен оның тәуелді ұйымы немесе бірлескен кәсіпорын арасындағы мәмілелерде активтерді сату немесе активтерді салу»

Түзетулер 10 ХҚЕС (IFRS) пен 28 ХҚЕС (IAS) арасындағы, атап айтқанда, тәуелді ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға сатылатын немесе соларға салынатын еншілес ұйымның үстінен бақылау жасау амалынан айырылуды есепке алу арасындағы қайшылықты қарастырады. Түзетулер инвестор мен оның тәуелді ұйымы немесе бірлескен кәсіпорын арасында жасалған мәміледе 3 ХҚЕС-тегі (IFRS) анықтамаға сай өз бизнесін білдіретін активті сатудың немесе салудың нәтижесінде туындайтын пайда немесе шығын толық көлемде танылады. Дегенмен бизнесті білдірмейтін активті сатудың немесе салудың нәтижесінде туындайтын пайда немесе шығын тәуелді ұйымдағы немесе бірлескен кәсіпорындағы инвесторлар ұйымынан өзге қатысу үлестерінің шегінде ғана танылады. Бұл түзетулер перспективті түрде қолданылады және 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді деп күтілуде.

ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2012-2014 жылдар

Бұл түзетулер 2016 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Құжатқа келесі түзетулер кіреді:

5 ХҚЕС (IFRS) «Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер және тоқтатылған қызмет»

Активтердің (немесе есептен шығарылатын топтардың) есептен шығарылуы, әдетте, сату не болмаса меншік иелеріне бөлу арқылы жүзеге асырылады. Түзету есептен шығарудың бір әдісінен басқа әдісіне өту есептен шығару бойынша жаңа жоспар ретінде емес, бастапқы жоспардың жалғасы ретінде есептелуі тиіс. Осылайша, 5 ХҚЕС-тің (IFRS) талаптарын қолдану үзілмейді. Бұл түзету перспективті түрде қолданылуы тиіс.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)*****ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2012-2014 жылдар (жалғасы)******7 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары: ақпаратты ашу»******(i) Қызмет көрсету шарттары***

Түзету, сыйақының төленуін көздейтін қызмет көрсету шарты қаржы активіне жалғасып отырған қатысуды білдіруі мүмкін екендігін түсіндіреді. Ақпараттың ашып көрсетілуі қажеттілігін анықтау үшін ұйым 7 ХҚЕС-ке (IFRS) жалғасып отырған қатысуға қатысты нұсқауларға сәйкес сыйақы мен келісімнің сипатын бағалауы тиіс. Қызмет көрсету шарттарының қайсысы жалғасып отырған қатысуды білдіретіндігін бағалау амалдары ретроспективті түрде жасалуы тиіс. Дегенмен ақпараттың ашып көрсетілуі ұйым мұндай түзетуді алғаш рет қолданатын жылдық кезеңге дейін басталатын кезеңдер үшін қажет емес.

(ii) Қысқартылған аралық қаржылық есептілікте 7 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулерді қолдану

Түзету өзара есепке алу туралы ақпараттың ашып көрсетілуіне қойылатын талаптар, мұндай ақпарат соңғы жылдық есепте көрсетілген ақпараттың едәуір жаңартуларын білдірген жағдайларды қоспағанда, қысқартылған аралық қаржылық есептілікке қолданылмайтындығын түсіндіреді. Бұл түзету ретроспективті түрде қолданылуы тиіс.

19 ХҚЕС (IAS) «Қызметкерлерге төленетін сыйақы»

Түзету жоғары сапалы корпоративтік облигациялар нарығы облигацияны шығарған ел емес, облигация деноминацияланған валютаның негізінде бағаланатындығын түсіндіреді. Белгілі бір валютада деноминацияланған жоғары сапалы корпоративтік облигациялардың дамыған нарығының жоқтығында мемлекеттік облигациялар бойынша мөлшерлемелерді пайдалану қажет. Бұл түзету перспективті түрде қолданылуы тиіс.

34 ХҚЕС (IAS) «Аралық қаржылық есептілік»

Түзету аралық кезеңдегі ақпарат аралық қаржылық есептілікте не болмаса аралық қаржылық есептіліктегі тиісті сілтемелерді көрсете отырып аралық қаржы есебінің басқа жерінде (мысалы, басшылыққа арналған түсіндірмелерде немесе тәуекелдерді бағалау туралы есепте) ашып көрсетілуі тиіс. Аралық қаржы есебіндегі өзге де ақпарат пайдаланушылар үшін аралық қаржылық есептілік сияқты дәл сондай талаптарда және сол мерзімде қолжетімді болуы тиіс. Бұл түзету ретроспективті түрде қолданылуы тиіс.

Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді деп күтілуде.

1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер «Ақпаратты ашып көрсету аясындағы бастама»

1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер «Қаржылық есептілікті ұсыну» 1 ХҚЕС-тің (IAS) қолданыстағы талаптарын айтарлықтай өзгертпей, оларды түсіндіреді. Түзетулер мыналарды түсіндіреді:

- 1 ХҚЕС-тің (IAS) маңыздылығына қойылатын талаптар.
- Пайда мен зиян туралы және БЖК туралы есептегі(дегі) және қаржылық жағдай туралы есептегі жеке баптар бөлінуі мүмкін.
- Ұйымның қаржылық есептілікке ескертпелерді беру тәртібін таңдау мүмкіндігі бар.
- Үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін тәуелді ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындардың БЖК үлесі бір баптың шеңберінде бөлек ұсынылуы және кейіннен пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелетін немесе жіктелмейтін баптар ретінде жіктелуі тиіс.

Сонымен бірге, түзетулер қаржылық жағдай туралы есепте және пайда немесе зиян және БЖК туралы есепте(де) қосымша аралық қорытынды сомаларды ұсыну кезінде қолданылатын талаптарды да түсіндіреді. Бұл түзетулер 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді деп күтілуде.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Негізгі құралдар**

Негізгі құралдар жинақталған амортизацияны және/немесе олар болған жағдайда құнсызданудан болған жинақталған шығындарды шегере отырып бастапқы құны бойынша ескеріледі. Мұндай құнға құралжабдықтардың бөлшектерін ауыстыру құны және егер оларды капиталдандыру критерийлері орындалса, ұзақ мерзімді құрылыс жобалары болған жағдайда қарыздар бойынша шығындар кіреді. Белгілі бір уақыт аралығында негізгі құралдардың едәуір құрамдастарын ауыстыру қажет болғанда, Компания осы сияқты құрамдастарды оларға тән болатын дербес пайдалы қызмет ету және амортизация мерзімдерімен жекелеген активтер ретінде мойындайды. Сол сияқты, негізгі техникалық шолып тексеруді жүргізген кезде сонымен байланысты шығындар, егер мойындаудың барлық критерийлері орындалса, құрал-жабдықты ауыстыру ретінде негізгі құралдардың баланстық құнында мойындалады. Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын барлық басқа шығындар оларды көтеру сәтіне жиынтық кіріс туралы есепте мойындалады. Актив пайдаланылғаннан кейін оны пайдаланудан шығару бойынша күтілетін шығындардың келтірілген құны, егер резервті келешек шығындардың пайдасына мойындау критерийлері орындалса, тиісті активтің бастапқы құнына қосылады.

Басшылықтың негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімдерін бағалауы қаржылық есептілік күніне бар тиісті ақпаратты көрсетеді. 2013 және 2014 жылдардың ішінде басшылық активтерді пайдалану әлеуетін қайта қарауға байланысты пайдалы қызмет ету мерзімдерін өзгерту қажеттілігін айқындады. Пайдалы қызмет ету мерзімдеріне қатысты болжамдардағы өзгерістер «Есеп саясаттары, есепті бағалау мен қателердегі өзгерістер» 8 ХБЕС-ке сәйкес есепті бағалаудағы өзгерістер ретінде ескеріледі.

Амортизация активтің пайдалы қызметінің бағалау мерзімінің ішінде тікелей әдіспен келесі әдіспен есептеледі:

Үйлер мен ғимараттар	20-60 жыл
Медициналық жабдық	5-20 жыл
Машиналар мен басқа да жабдықтар	4-10 жыл
Көлік құралдары	5-10 жыл
Өзге негізгі құралдар	5-20 жыл

Бұрын мойындалған негізгі құралдарды немесе олардың елеулі құрамдасын баланстан есептен шығару олар шығарылған кезде немесе егер келешекте осы активті пайдаланудан немесе шығуынан экономикалық пайданың болуы күтілмеген жағдайда жасалады. Активті есептен шығарудың нәтижесінде туындайтын (есептен шығарудан болған таза түсімдер мен активтің баланстық құнының арасындағы айырма ретінде есептелген) кіріс немесе шығыс актив есептен шығарылған есепті жыл үшін жиынтық кіріс туралы есепке қосылады.

Активтің өтімділік құны, пайдалы қызмет мерзімі және амортизация әдістері әрбір жылдық есепті кезеңнің соңында талданады және қажет болғанда түзетіледі.

Қорлар

Қорлар екі өлшемнің ең азы бойынша бағаланады: сатып алу құны және өткізудің таза құны.

Әр өнімді межелі жерге дейін жеткізу және оны лайықты күйге келтіру кезінде болған шығындар ФИФО әдісімен ескеріледі.

Өткізудің таза құны аяқтауға арналған белгілі бір шығындарды және өткізуге қажетті белгілі бір шығындарды шегере отырып, әдеттегі қызмет тәртібімен өткізу құны ретінде айқындалады.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Компания әрбір есепті күнге активтің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын айқындайды. Егер мұндай белгілер бар болып шықса немесе егер активті құнсыздануға жыл сайынғы тексеруді орындау қажет болса, Компания активтің өтелетін құнын бағалайды. Активтің немесе ақша ағымдарын жасайтын бөлімшенің (ААЖБ) өтелетін құны – келесі өлшемдердің ең үлкені: сату шығындарын шегере отырып, активтің әділ құны (ААЖБ) және активті пайдалану құндылығы (ААЖБ). Өтелетін құн негізінен басқа активтер немесе активтер тобы жасайтын ағындардан тәуелсіз ақша қаражатының ағындарын актив жасамаған жағдайларды қоспағанда, жеке актив үшін анықталады. Егер активтің немесе ақша ағымдарын жасайтын бөлімшенің баланстық құны оның өтелетін құнынан асып кетсе, актив құнсызданған болып есептеледі және өтелетін құнына дейін есептен шығарылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Қаржы активтерінің құнсыздануы (жалғасы)**

Пайдаланудан болған құндылықты бағалау кезінде келешек ақша ағындары салық салынғанға дейінгі дисконттау мөлшерлемесі бойынша дисконтталады, әрі ол ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және активке тән тәуекелдерді көрсетеді. Сату шығындарын шегере отырып әділ құнды айқындау кезінде жуырдағы нарықтық мәмілелер ескеріледі. Олар болмаған кезде бағалаудың тиісті үлгісі қолданылады. Мұндай есептеулер бағалау коэффициенттерімен, акциялар нарығында еркін айналыста болатын баға белгілеулерімен немесе әділ құнның басқа да қолжетімді көрсеткіштерімен расталады.

Компания жекелеген активтер жататын Компанияның әрбір ААЖБ үшін жеке әзірленетін мұқият жоспарларға және болжамды есептеулерге сүйене отырып құнсыздану сомасын айқындайды. Мұндай жоспарлар мен болжамды есептеулер, әдетте, бес жылды құрайды. Бұдан да ұзақ кезеңдер үшін бесінші жылдан кейін болжамды келешек ақша ағындарына қатысты қолданылатын ұзақ мерзімді өсім үрдістері есептеледі.

Жалғасып жатқан қызметтің құнсыздануынан болған шығындар (қорлардың құнсыздануын қоса алғанда), қайта бағалау басқа жиынтық кірістің құрамында мойындалғанда бұрын қайта бағаланған жылжымайтын мүлік объектілерін қоспағанда, құнсызданған активтің функцияларына сәйкес келетін шығыстар санаттарының құрамында жиынтық кіріс туралы есепте мойындалады. Мұндай жағдайда құнсызданудан болған зиян бұрын жасалған қайта бағалау сомасының шегінде басқа да жиынтық кіріс құрамында танылады.

Компания әрбір есепті күнге, гудвилді қоспағанда, активтің бұрын мойындалған құнсыздану шығындарының жоқ немесе қысқарған екендігінің белгілері бар-жоғын айқындайды. Егер ондай белгі бар болып шықса, Компания активтің немесе ААЖБ өтелетін құнын есептейді. Құнсызданудан болған бұрын мойындалған шығындар, егер құнсызданудан болған соңғы шығын мойындалған уақыттан бастап активтің өтелетін құнын айқындау үшін пайдаланылған бағалауда өзгеріс болған жағдайда ғана, қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру активтің баланстық құны оның өтелетін құнынан аспайтындай етіп, сондай-ақ сол бойынша осы актив егер алдыңғы жылдары құнсызданудан болған шығын мойындалмаған жағдайда танылатын амортизацияны шегере отырып, баланстық құннан аспайтындай етіп шектелген. Құнның осылайша қалпына келтірілуі жиынтық кіріс туралы есепте мойындалады.

Қаржы активтері*Бастапқы мойындау және бағалау*

39 ХБЕС қолданылу аясындағы қаржы активтері пайда немесе зиян; қарыздар мен дебиторлық берешек; өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар; сату үшін қолда бар қаржы активтері; тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтері ретінде жіктеледі. Компания өзінің қаржы активтерін оларды бастапқы мойындау кезінде жіктейді.

Қаржы активтері бастапқыда инвестициялар болған жағдайда ұлғайтылған, мәміле бойынша сонымен тікелей байланысты шығындарға табыс не болмаса залал арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланбайтын әділ құны бойынша мойындалады.

Заңнамамен немесе белгілі бір нарықта қабылданған ережелермен белгіленген мерзімде активтердің берілуін талап ететін қаржы активтерін сатып алу немесе сату бойынша барлық мәмілелер («стандартты талаптарда» жасалатын сауда) мәміленің жасалу күніне, яғни Компания активті сатып алу немесе сату міндеттемесін өз мойнына алған күнге мойындалады.

Компанияның қаржы активтеріне ақша қаражаты мен олардың баламалары, дебиторлық берешек және қысқа мерзімді депозиттер жатады.

Кейінгі бағалау

Қаржы активтерін кейіннен бағалау олардың жіктелуіне тәуелді болады:

«Пайда немесе залал арқылы қайта бағаланатын қаржы активтері» санатына саудаға арналған қаржы активтері және пайда немесе залал арқылы қайта бағаланатын қаржы активтері санатында бастапқы тануға жатқызылған қаржы активтері жатады. Қаржы активтері жақын болашақта сату мақсатында сатып алынған жағдайда саудаға арналған деп жіктеледі. Осы санатқа Компания шарт бойынша бір жақ болып табылатын, олар 39 ХБЕС айқындалғандай хеджирлеу операциясында хеджирлеу құралдары ретінде айқындалмаған туынды құралдар жатады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Қаржы активтері (жалғасы)***Кейінгі бағалау (жалғасы)*

Бөлінген ендірілген туынды құралдарды қоса алғанда, туынды құралдар сондай-ақ тиімді хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған жағдайларды қоспағанда, саудаға арналған деп жіктеледі.

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтері қаржылық жағдай туралы есепте әділ құны бойынша ескеріледі, ал әділ құнының өзгеруі жиынтық кіріс пен қаржылық шығындар құрамында мойындалады.

Компанияның пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын ретінде бастапқыда мойындалған кезде ол айқындаған қаржы активтері жоқ.

Қарыздар мен дебиторлық берешек белсенді нарықта жүрмейтін белгіленген немесе айқындалатын төлемдері бар туынды емес қаржы активтерін білдіреді. Бастапқыда мойындалғаннан кейін осы сияқты қаржы активтері құнсызданудан болған шығындарды шегере отырып, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып айқындалған амортизациялық құны бойынша бағаланады. Амортизациялық құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажыратылмас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдаланудың негізіндегі амортизация ағымдағы жылдың қаржылық кірістерінің құрамына қосылады. Құнсызданумен негізделген шығыстар құнсыздану негізделген кезеңде қаржылық шығындардың құрамында мойындалады.

Тіркелген немесе айқындалатын төлемдері және тіркелген өтеу мерзімі бар туынды емес қаржы активтері Компания оларды өтеу мерзіміне дейін ұстап тұруға ниет білдіргенде және қабілетті болғанда өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар ретінде жіктеледі. Өтеуге дейін ұстап қалатын инвестицияларды бастапқы бағалаудан кейін құнсызданудан келген шығындарды алып тастағанда, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдану арқылы белгіленетін амортизацияланған құны бойынша бағаланады. Амортизациялық құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажыратылмас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы қаржыландырудан түскен кірістер құрамына енгізіледі. Құнсызданумен негізделген шығыстар қаржыландыру бойынша шығындардың құрамында мойындалады. Компанияның 2015 жылдың 31 желтоқсанында және 2014 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған есепті кезеңдер ішінде өтеуге дейін ұсталатын инвестициялары болмады.

Сату үшін қолда бар қаржы инвестицияларына үлестік және борыштық бағалы қағаздар жатады. Сату үшін қолда бар деп жіктелген үлестік инвестициялар – саудаға арналған деп те, сол сияқты пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын деп те жіктелмеген инвестициялар. Осы санаттағы борыштық бағалы қағаздар – компания белгісіз уақыт кезеңі ішінде ұстап отырғысы келетін және өтімділікті қамтамасыз ету мақсатында немесе нарықтық талаптардың өзгеруіне жауап ретінде сатылу мүмкін бағалы қағаздар. Компанияның 2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған кезеңдерде сатуға арналған инвестициялары болмады.

Мойындауды тоқтату

Қаржы активінің (немесе, қолданылатын жерде – қаржы активінің бөлігі немесе ұқсас қаржы активтері тобының бір бөлігі) мына жағдайларда баланста танылуы тоқтатылады:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Компания активтен ақша ағымын алу құқығын берсе не болмаса үшінші тарапқа түсетін ақша ағымдарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша ешбір елеулі кідірусіз төлеу бойынша өз мойнына міндеттеме алса; және не болмаса (а) Компания активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы берсе, не болмаса (б) Компания активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы бермей, оларды сақтамаса, бірақ осы активтің бақылауын берсе.

Мұндай жағдайда Компания тиісті міндеттемені мойындайды. Берілген актив және тиісті міндеттеме Компания сақтаған құқықтар мен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады.

Берілген актив бойынша кепілдік түрін қабылдайтын жалғасатын қатысу келесі өлшемдердің: активтің бастапқы ағымдағы құны немесе толенуін Компания талап етуі мүмкін ең көп соманың ең азы бойынша мойындалады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Қаржы активтері (жалғасы)***Қаржы активтерінің құнсыздануы*

Әрбір есепті күнге Компания қаржы активінің немесе қаржы активтері тобының құнсыздануының объективті белгілерінің болуын бағалайды. Қаржы активі немесе қаржылық активтер тобы активті бастапқы мойындаудан кейін орын алған бір немесе одан артық оқиға (орын алған «шығынның туындау жағдайы») нәтижесінде құнсызданудың объективті дәлелі болған жағдайда құнсызданған болып есептеледі, әрі олар сенімді түрде бағалауға болатын қаржылық актив немесе қаржылық активтер тобы бойынша күтілетін болашақ ақша қаражаты ағындарына әсер етті. Құнсыздану дәлеліне борышкер немесе борышкерлер тобы айтарлықтай қаржылық қиындықтарды бастап өткізіп отырғанына, өз берешегіне қызмет көрсете алмай отырғанына немесе пайыздарды не болмаса негізгі берешек сомасын дұрыс төлемей отырғанына, сондай-ақ олар банкроттық процедурасын немесе өзге де қаржылық қайта ұйымдастыруды жасайтындығына нұсқаулар кіруі мүмкін. Сонымен бірге, мұндай растауларға қаржы құралы бойынша күтілетін келешек ақша ағымдары төмендеуінің бағалауына көрсететін, атап айтқанда, борыштарды төлеу міндеттемелерін орындаудан бас тартулармен белгілі бір өзара байланыста болатын мерзімі өткен берешек көлемінің немесе экономикалық жағдайдың өзгеруі сияқты қадағаланып отырған деректер жатады. Бұрын мойындалған резервті қалпына келтіру резервтегі азаю ол мойындалғаннан кейінгі оқиғалармен тікелей байланысты. Зиянның құнсызданудан осылайша қалпына келуі кіріс ретінде мойындалады.

Қаржылық міндеттемелер*Бастапқы мойындау және бағалау*

39 ХБЕС қолданылу аясындағы қаржылық міндеттемелер тиісінше пайда немесе зиян, кредиттер мен қарыздар, немесе тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы міндеттемелері ретінде жіктеледі. Компания өзінің қаржылық міндеттемелерін олардың бастапқы мойындалуы кезінде жіктейді.

Қаржылық міндеттемелер бастапқыда қарыздар мен кредиттер болған жағдайда тікелей солармен байланысты мәміле бойынша шығындарға көбейтілген әділ құны бойынша мойындалады.

Компанияның қаржылық міндеттемелеріне кредиторлық берешек кіреді.

Кейінгі бағалау

Қаржылық міндеттемелерді одан кейінгі бағалау олардың жіктелуіне былайша тәуелді болады:

«Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер» санатына саудаға арналған қаржылық міндеттемелер және бастапқыда мойындалған кезде пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын деп айқындалған қаржылық міндеттемелер жатады.

Саудалауға арналған міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар жиынтық кіріс туралы есепте мойындалады.

Компанияның пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын ретінде бастапқыда мойындалған кезде ол айқындалған қаржы міндеттемелері жоқ.

Бастапқыда мойындалғаннан кейін пайыздық кредиттер мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар, оларды тануды тоқтатқанда, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы амортизацияның есептелуіне қарай жиынтық кіріс туралы есепте танылады.

Амортизациялық құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажыратылмас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы қаржыландырудан болған шығындар құрамына енгізіледі.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)**Қаржылық міндеттемелер (жалғасы)***Мойындауды тоқтату*

Егер міндеттеме өтелсе, жойылса немесе оның қолданылу мерзімі өтіп кетсе, қаржылық жағдай туралы есептегі қаржылық міндеттеменің мойындалуы тоқтатылады. Егер қолданыстағы қаржылық міндеттеме дәл сол кредитордың алдында едәуір ерекшеленетін талаптарда басқа міндеттемеге ауыстырылса немесе егер қолданыстағы міндеттеменің талаптары едәуір өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгеріс бастапқы міндеттеменің мойындалуын тоқтату ретінде және жаңа міндеттемені мойындаудың басталуы ретінде ескеріледі, ал олардың ағымдағы құнындағы айырмасы пайда мен зиян арқылы мойындалады.

Қаржы құралдарының әділ құны

Белсенді нарықтарда әрбір есепті күнге саудасы жасалатын қаржы құралдарының әділ құны нарықтық баға белгіленуіне немесе мәміле бойынша шығындарды шегерместен дилерлердің баға белгілеуіне (ұзын позициялар үшін сатып алуға арналған баға белгілеуі және қысқа позициялар үшін сатуға арналған баға белгілеуі) сүйене отырып, айқындалады.

Белсенді нарықта саудалануы жүзеге асырылмайтын өзге қаржы құралдарының әділ құны ынғайлы бағалау әдістемелері пайдалана отырып анықталады. Мұндай әдістемелерге таяу арада коммерциялық негізде жасалған мәмілелердің бағаларын пайдалану, сол сияқты құралдардың ағымдағы әділ құнын пайдалану; дисконтталған ақша ағындарын талдау не болмаса басқа да бағалау модельдері кіруі мүмкін.

Өзара есепке алу

Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері өзара есепке алынуға жатады, ал нетто-сомасы қаржылық жағдай туралы есепте мына жағдайларда ғана ұсынылуға жатады:

- қазіргі сәтте мойындалған сомаларды өзара есепке алуға заңды құқық болғанда;
- нетто-негізде есептесуді жасау не болмаса активтерді өткізу және осымен бір мезгілде міндеттемелерді өтеу ниеті болғанда ұсынылады.

Ақша қаражаты және олардың баламалары

Қаржылық жағдай туралы есептегі ақша қаражаты мен қысқа мерзімді депозиттерге банктер мен кассадағы ақшалай қаражат және бастапқы өтеу мерзімі 3 ай немесе одан қысқа мерзімді депозиттер жатады.

Мемлекеттік жәрдем қаражат

Егер мемлекеттік жәрдем қаражат алынады және барлық ілеспе шарттар орындалады деген негізделген сенімділік болса, олар мойындалады. Егер жәрдем қаражат белгілі бір шығыстарды қаржыландыру мақсатында берілсе, ол жүйелі негізде өтелуге тиіс болатын тиісті шығыстар сияқты дәл сол кезеңдердегі кірістер ретінде мойындалуы тиіс. Егер жәрдем ақша активті қаржыландыру мақсатында берілсе, ол кейінге қалдырылған кіріс ретінде мойындалады және тиісті активті болжамды пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде тең үлестермен жыл сайын жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі.

Компания жәрдем ақшаны монетарлық емес нысанда алған жағдайларда, актив пен жәрдем ақша номиналды құны бойынша жалпы сомаларды ескеріліп, тиісті активті болжамды пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде тең үлестермен жыл сайын жиынтық кіріс туралы қаржылық есепте көрсетіледі. Егер қарыздарды немесе соған ұқсас жәрдем ақшаны мемлекет немесе соған байланысты ұйымдар нарықта қолданылатын мөлшерлемеден төмен пайыздық мөлшерлеме бойынша берсе, мұндай қолайлы пайыздық мөлшерлеменің әсері қосымша мемлекеттік жәрдем ақша болып есептеледі.

Түсімді тану

Компанияның экономикалық пайда алу ықтималдылығы болса және түсім сенімді бағаланатын болса, түсім танылады. Түсім жеңілдіктер мен салықтарды немесе сату алымдарын шегере отырып, алынған сыйақының әділ құны бойынша бағаланады. Қаржылық есептілікте түсімді мойындау үшін келесі критерийлер орындалуы тиіс:

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)**Түсімді тану (жалғасы)***Қызметтер көрсету*

Қызметтерді көрсету және жұмысты орындау нәтижесінде алынған кіріс сомасы алынған немесе алынуға жататын сыйақының бастапқы құны бойынша айқындалады. Көптеген жағдайларда өтелу ақша қаражатының немесе олардың баламаларының негізінде ұсынылады.

Сыйақы бойынша кіріс

Кіріс пайыздардың есептелуіне қарай мойындалады (қаржы құралын болжамды пайдалану мерзімінің ішінде күтілетін келешек ақша ағындарын қаржы активінің таза ағымдағы құнына әкелетін тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша).

Шығыстарды тану

Шығыстар пайда болу сәтіне танылады және олар есептеу әдісінің негізіне жатқызылған сол кезеңде қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Жарғылық капитал

Жарғылық капиталға жарналар әділ құны бойынша танылады. Компанияларды біріктіру жағдайынан басқа, жаңа акцияларды шығаруға тікелей байланысты шығыстар, кез келген табыс салығын шегере отырып, капиталдан есептен шығарылады.

Қосымша төленген капитал

Капиталға қосымша жарна ретінде алынған негізгі құралдар, материалдық емес активтер және тауар-материалдық қорлар қосымша төленген капитал ретінде мойындалады және бастапқыда мойындалған кезде әділ құны бойынша ескеріледі. Мұндай активтер Компанияның қаржылық есептілігінде Компанияға активтерді пайдаланумен байланысты пайдалар мен тәуекелдерді беру сәтіне мойындалады. Одан әрі, берілген активтердің есебінен акциялар шығарылған кезде шығарылған акциялардың номиналды құны қосымша төленген капиталдан жарғылық капиталға аударылады.

4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР

ХҚЕС-ке сәйкес қаржылық есептілікті дайындау есептілікте көрсетілген активтерге, міндеттемелерге және қаржылық есептілікті дайындау күніне шартты активтер мен міндеттемелердің ашылып көрсетуіне әсер ететін бағалаулар мен жорамалдар, сондай-ақ есептілікте көрсетілген активтерді, міндеттемелерді, кірістерді, шығыстарды және шартты активтер мен есепті кезең ішіндегі міндеттемелерді пайдалануды басшылықтың пайдалануын талап етеді. Ең маңызды есепті бағалаулар төменде қарастырылады:

Негізгі құралдардың құнсыздануы

Әрбір есепті күнге Компания өзінің негізгі құралдарының баланстық құнының құнсыздану индикаторларының бар-жоғын тексереді.

Активтің құнсыздану индикаторларының болуын айқындау мынадай факторлардың бірқатарына негізделеді: активтер көрсететін қызметтерге деген сұраныстағы өзгерістер ретінде активтердің пайдалану әлеуетіндегі өзгеріс; активтердің технологиялық тозуы немесе физикалық зақымдануы; операциялық қызметтен түскен нақты ақша ағындарының бастапқыда жоспарланғанынан ауытқуы; операциялық мұқтаждықтарды қаржыландырудың келешек қолжетімділігі және Акционерден активтерді сатып алу және құнсызданудың бар екендігіне көрсететін шарттардың басқа да өзгеруі.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)****Негізгі құралдардың құнсыздануы (жалғасы)**

Егер мұндай көрсеткіштер болған жағдайда, активтің өтелетін құны бағаланады және активтің баланстық құнымен салыстырылады. Егер баланстық құн активтің өтелетін құнынан асып түскен жағдайда, құнсыздану мойындалады. Өтелетін құн екі мәндің ең үлкені ретінде айқындалады: өткізу шығыстарын шегере отырып активтің әділ құны және пайдалану құндылығы. Пайдаланудан болған құндылықты бағалау кезінде, ақша қаражатының есепті келешек ағымдары ақшаның және осы активке тән тәуекелдердің уақытша құнының басшылықтың пікірінше ағымдағы нарықтық бағалауын көрсететін салық салынғанға дейінгі дисконт мөлшерлемелерін пайдалана отырып, олардың ағымдағы құнына дейін дисконтталады. Өтелетін бағалау құнындағы өзгеріс құнсыздануға немесе оның келешек кезеңдерде қалпына келтірілуіне әкеліп соқтыруы мүмкін.

2015 жылдың 31 желтоқсанына Компания активтердің қандай да бір құнсыздану белгілерін анықтаған жоқ.

Негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімі

3-ескертемеде көрсетілгендей Компания әрбір есепті кезеңнің соңына негізгі қаражатты пайдалы қолдану мерзімдерін қарастырады. Активті пайдалы пайдалану мерзімінің бағасы экономикалық пайдалану, жөндеу және қызмет көрсету бағдарламалары, технологиялық жақсарту және басқа да іскерлік шарттар сияқты факторларға тәуелді болады. Басшылықтың негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімдерін бағалауы мұндай қаржылық есептілік күніне бар тиісті ақпаратты көрсетеді). Пайдалы қызмет ету мерзіміне қатысты болжамдардағы өзгерістер «Есеп саясаттары, есепті бағалау мен қателердегі өзгерістер» 8 ХБЕС-ке сәйкес есепті бағалаудағы өзгерістер ретінде ескеріледі.

5. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

Төменде негізгі құралдардың баптары бойынша қозғалыс келтірілген:

<i>Мың теңгемен</i>	Үйлер мен ғима- раттар	Мед. жабдық	Машина- лар мен жабдықтар	Көлік құралдары	Өзге негізгі құралдар	Аяқтал- маған құрылыс	Жиыны
Бастапқы құны							
2014 жылдың							
1 қаңтарына	3.702.990	3.120.483	357.179	44.119	799.484	22.403	8.046.658
Түсімдер	–	565.330	15.162	–	3.743	108.187	692.422
Ішкі ауысу	–	(3.150)	(6.554)	–	9.704	–	–
Шығару	–	–	(240)	–	(145)	–	(385)
2014 жылдың							
31 желтоқсанына	3.702.990	3.682.663	365.547	44.119	812.786	130.590	8.738.695
Түсімдер	–	142.147	24.467	2.125	25.060	646.229	840.028
Шығару	–	(102.485)	(8.647)	(1.958)	(17.313)	–	(130.403)
Басқа активтерге аудару	–	(149)	–	(616)	–	–	(765)
2015 жылдың							
31 желтоқсанына	3.702.990	3.722.176	381.367	43.670	820.533	776.819	9.447.555
Жинақталған амортизация							
2014 жылдың							
1 қаңтарына	(354.474)	(948.903)	(181.865)	(30.604)	(447.316)	–	(1.963.162)
Бір жылға есептеу	(99.154)	(329.728)	(38.381)	(3.988)	(264.516)	–	(735.767)
Ішкі ауысу	–	3.150	3.856	–	(7.006)	–	–
Шығару	–	–	50	–	52	–	102
2014 жылдың							
31 желтоқсанына	(453.628)	(1.275.481)	(216.340)	(34.592)	(718.786)	–	(2.698.827)
Бір жылға есептеу	(99.164)	(343.379)	(42.546)	(3.961)	(31.860)	–	(520.910)
Құнсыздану	–	(77.736)	–	–	–	–	(77.736)
Шығару	–	75.561	8.601	1.958	17.590	–	103.710
2015 жылдың							
31 желтоқсанына	(552.792)	(1.621.035)	(250.285)	(36.595)	(733.056)	–	(3.193.763)
Қалдық құны							
2014 жылдың							
31 желтоқсанына	3.249.362	2.407.182	149.207	9.527	94.000	130.590	6.039.868
2015 жылдың							
31 желтоқсанына	3.150.198	2.101.141	131.082	7.075	87.477	776.819	6.253.792

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**5. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)**

2015 жылғы 6 қазандағы «Қоғамның мүлкін есептен шығару/беру тәртібі туралы нұсқаулықтың» ережелерін басшылыққа ала отырып, 2015 жылы Компания бастапқы құны 130.403 мың теңге болатын негізгі құралдарды есептен шығарды.

6. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

Төменде материалдық емес активтердің баптары бойынша қозғалыс келтірілген:

<i>Мың теңгемен</i>	Материалдық емес активтер
Бастапқы құн	
2014 жылдың 1 қаңтарына	77.651
Түсімдер	-
2014 жылдың 31 желтоқсанына	77.651
Түсімдер	41
2015 жылдың 31 желтоқсанына	77.692
Жинақталған амортизация	
2014 жылдың 1 қаңтарына	(38.056)
Есептелген амортизация	(7.849)
2014 жылдың 31 желтоқсанына	(45.905)
Есептелген амортизация	(7.844)
2015 жылдың 31 желтоқсанына	(53.749)
Қалдық құны	
2014 жылдың 31 желтоқсанына	31.746
2015 жылдың 31 желтоқсанына	23.943

7. ТАУАР-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР

Тауар-материалдық қорларға мыналар кіреді:

<i>Мың теңгемен</i>	2015 жылғы 31 желтоқсан	2014 жылғы 31 желтоқсан
Медициналық шығыс материалдары	101.371	56.312
Хирургиялық қорлар	63.706	42.772
Дері-дәрмектер	46.157	24.934
Химиялық реактивтер	23.148	8.738
Жұмсақ мүкәммал	14.613	20.947
Қосалқы бөлшектер	12.000	6.629
Қатқыл мүкәммал, ыдыс-аяқ	7.321	8.367
Жанармай	3.787	3.508
Шаруашылық тауарлары	3.431	2.953
Зертханаларға арналған материалдар	2.400	9.282
Кеңсе тауарлары	345	387
Есептеуіш техникаға арналған материалдар	333	136
Азық-түлік тағамдары	72	136
Басқалары	635	1.751
Өтімді емес қорлар бойынша резервті шегере отырып	(5.507)	(5.567)
	273.812	181.285

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**8. ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК**

Дебиторлық берешекке мыналар жатады:

<i>Мың теңгемен</i>	2015 жылғы 31 желтоқсан	2014 жылғы 31 желтоқсан
Байланысты тараптардың дебиторлық берешегі (22-ескертпе)	66.085	115.881
Үшінші тараптардың дебиторлық берешегі	21.205	17.935
	87.290	133.816

Дебиторлық берешек пайызсыз болып табылады және 30-90 күннің ішінде өтелуге жатады. 2015 жылдың 31 желтоқсанында дебиторлық берешек құнсызданбады және дебиторлық берешекті өтеу мерзімі шарттық өтеу мерзімдерінен аспайды.

9. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ДЕПОЗИТТЕР

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1.896.912 мың теңге мөлшеріндегі қысқа мерзімді банк депозиті «Цеснабанк» АҚ-да орналастырылды. Банк депозиттері бойынша сыйақының орташа алынған мөлшерлемесі 2015 жылы жылдық 2,5% болды (2014 жыл: «Еуразиялық банк» АҚ: 401.170 мың теңге, «Цеснабанк» АҚ: 401.170 мың теңге, «Банк РБК» АҚ: 401.170 мың теңге, орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі: жылдық 2,7%).

10. АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

Ақша қаражаты мен олардың баламаларына мыналар жатады:

<i>Мың теңгемен</i>	2015 жылғы 31 желтоқсан	2014 жылғы 31 желтоқсан
Есеп айырысу шоттарындағы қолма-қол ақша – АҚШ доллары	1.474.250	1.675
Есеп айырысу шоттарындағы қолма-қол ақша – теңге	37.365	1.001.013
Кассадағы қолма-қол ақша	545	121
	1.512.160	1.002.809

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ағымдағы шоттар бойынша сыйақының орташа алынған мөлшерлемесі жылдық 4,5% (2014 жылы: жылдық 6%) құрды.

11. КАПИТАЛ**Жарғылық капитал**

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жарғылық капитал әрқайсысының номиналды құны 1.000 теңге болатын 7.443.026 дана жай акциядан тұрды (2014 жыл: әрқайсысының номиналды құны 1.000 теңге болатын 7.443.026 дана жай акция).

Қосымша төленген капитал

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қосымша төленген капиталы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 385.734 мың теңге сомасына негізгі қаражат күйіндегі жарнамен білдірілген (2014 жыл: 385.734 мың теңге).

Дивидендтер

2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанына Компания дивидендтерді жариялаған және төлеген жоқ.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**12. МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘРДЕМ ҚАРАЖАТ**

Мемлекеттік жәрдем қаражат былайша көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2015 жылғы 31 желтоқсан	2014 жылғы 31 желтоқсан
1 қаңтарға	793.984	340.589
Бір жылда алынғаны	779.127	484.886
Жиынтық кіріс туралы есепте көрсетілген	(48.050)	(31.491)
Жиыны	1.525.061	793.984
Минусы: мемлекеттік жәрдем қаражаттың қысқа мерзімді бөлігі	(49.244)	(35.149)
Мемлекеттік жәрдем қаражаттың ұзақ мерзімді бөлігі	1.475.817	758.835

Мемлекеттік жәрдем қаражат медициналық жабдықты сатып алу және ғимараттың шатырын жөндеу үшін алынды. Компанияның мұндай жәрдем қаражатқа байланысты қандай да бір орындалмаған шарттары немесе шартты міндеттемелері жоқ. 2015 жылдың ішінде Компания тиісінше сатып алынған негізгі құралдардың амортизация сомасының шегінде басқа да кірістердің құрамында жиынтық кіріс туралы есепте 48.050 мың теңге мөлшерінде кірістің амортизациясын мойындады (2014 жыл: 31.491 мың теңге).

13. БАСҚА ДА АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Басқа да ағымдағы міндеттемелерге мыналар кіреді:

<i>Мың теңгемен</i>	2015 жылғы 31 желтоқсан	2014 жылғы 31 желтоқсан
Басқа да кредиторлық берешек	96.912	49.537
Алынған аванстар	1.392	2.805
Басқалары	3.956	178
	102.260	52.520

14. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДЕН ТҮСКЕН ТҮСІМ

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін көрсетілген қызметтерден түскен түсім келесі баптармен көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2015	2014
Медициналық қызметтер, оның ішінде:		
Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі	3.689.935	3.658.158
Ақылы медициналық қызметтер	368.690	254.070
Білім беру қызметі бойынша қызметтер, оның ішінде:		
Ғылыми-зерттеу қызметі бойынша қызметтер	31.500	22.880
Мемлекеттік тапсырыс	31.875	25.153
Ақылы қызметтер	8.118	9.418
	4.130.118	3.969.679

15. КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін сатудың өзіндік құны келесі баптармен көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2015	2014
Жалақы және тиісті салықтар	1.656.279	1.229.270
Хирургиялық қорлар	1.412.646	1.057.531
Тозу және амортизация	527.516	742.078
Медициналық шығыс материалдары	291.610	231.269
Қызмет көрсету және жөндеу	210.834	190.795
Дәрі-дәрмектер	107.702	73.368
Коммуналдық қызметтер	85.672	79.095
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резерв	77.428	70.920
Азық-түлік тағамдары	53.419	43.493
Жанармай	1.921	2.942
Табыс салығынан басқа салықтар	1.030	1.045
Басқалары	216.322	91.434
	4.642.379	3.813.240

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**16. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАРЫ**

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін жалпы және әкімшілік шығыстар келесі баптармен көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2015	2014
Жалақы және тиісті салықтар	287.453	225.524
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резерв	18.246	11.326
Ұстау бойынша шығыстар	9.482	9.094
Банктің қызметтері	6.791	2.871
Консалтинг қызметтері	2.547	2.426
Іссапар шығыстары	1.051	250
Кеңсе тауарлары	1.010	676
Табыс салығынан басқа салықтар	700	91
Тозу және амортизация	689	1.538
Оқыту шығыстары	396	3.135
Байланыс қызметтері	164	163
Басқалары	7.250	6.265
	335.779	263.359

17. БАСҚА ДА ШЫҒЫСТАР

2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы басқа да шығыстар 26.693 мың теңгеге негізгі құралдардың есептен шығарылуынан және де 77.736 мың теңгеге құнсыздануы болған шығынмен білдірілген.

18. БАҒАМДЫҚ АЙЫРМА КІРІСТЕРІ

2015 жылғы 20 тамызда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі теңгенің АҚШ долларына және басқа да негізгі шетел валюталарына қатысты айырбас бағамын бұрынғы деңгейде ұстап отырудан бас тарту, валюталық интервенциялар көлемін азайту және теңгенің айырбас бағамының қалыптасу процесіне араласуды қысқарту туралы шешім қабылдады. Девальвацияға дейінгі және кейінгі ресми айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 188,38 теңге және тиісінше 255,26 теңге болды. 2016 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша доллардың айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 348,78 теңге болды. Соның нәтижесінде, Компанияның ақша қаражаты мен банк салымдарының үлкен бөлігі АҚШ долларына деноминацияланып, валютадағы міндеттемелер балансы айтарлықтай асты, 1.465.593 мың теңге мөлшерінде елеулі оң бағамдық айырма пайда болды.

19. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

Салық кодексінің 135-1-бабына сай дербес білім беру ұйымы болып мыналар танылады:

1) мына талаптарға бірізгілікте сәйкес келетін заңды тұлға: Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған акционерлік қоғам; мұндай қоғамның дауыс беруші акцияларының 50 және одан да көп пайызы 1-тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген тұлғаға тиесілі; Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес денсаулық сақтау саласында қызметті жүзеге асыратын тұлға;

2) егер ол бірізгілікте келесі талаптарға сәйкес келсе, 1-тармақтың 3) тармақшасында көрсетілгенді қоспағанда, ұйым: мұндай ұйымның дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) 50 және одан да көп пайызы 1-тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларға тиесілі не болмаса 1-тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген тұлғалармен ғана құрылған коммерциялық емес ұйым болып табылады; түскен кірістердің кем дегенде 90 пайызы жиынтық жылдық кірісте өтеусіз алынған мүлік, мұндай ұйымның депозиттері бойынша сыйақы күйіндегі кірістер, сондай-ақ медициналық қызметтерді көрсетуден түскен кірістер (косметологиялық, санаторлық-курорттық қызметтерді қоспағанда) құрайды.

Дербес білім беру ұйымын анықтау кезінде бюджетке төленуі тиіс корпоративтік табыс салығының сомалары, Салық Кодексінің 139-бабына сәйкес есептелген корпоративтік табыс салығының сомасы 100 пайызға азайтылады.

Дербес білім беру ұйымы алған таза кіріс немесе мүлік қатысушылардың арасында бөлінген салық кезеңдері бойынша бұл ереже қолданылмайды.

2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін Компания оның қызметі Салық Кодексінің 135-1-бабының анықтамасына келеді деп есептейді. Сонымен бірге, Компания таза кірісті немесе мүлікті қатысушылардың арасында бөлген жоқ.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**19. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР (жалғасы)**

Дегенмен, 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Компанияның өтеусіз алынған мүлік, депозиттер бойынша сыйақы күйіндегі кірістері, сондай-ақ медициналық қызметтерді көрсетуден түскен кірістер (косметологиялық, санаторлық-курорттық қызметтерді қоспағанда) жиынтық жылдық кірісте кем дегенде 90 пайызды құрады.

Тиісінше, Компания 2015 жылға 20% мөлшерлемесі бойынша корпоративтік табыс салығын есептеді. Төленуге жататын есептелген корпоративтік табыс салығы өткен жылдардың ауыстырылатын салық шығындарын пайдалану жолымен азайтылды. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өткен жылдардың ауыстырылатын салық шығындары 1.273.090 мың теңге (2014 жыл: 2.002.042 мың теңге) болды.

Компания келешек кезеңдерде салық салынатын пайданы анықтау кезінде салық салынатын немесе есептен шығарылатын уақыт айырмаларының пайда болуына қатысты белгісіздікке орай мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелерді мойындамады.

20. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР**Салық салу**

Қазақстандық салық заңдары мен нормативтік-құқықтық актілер үздіксіз өзгерістер мен түрлі түсіндірмелердің нысаны болып табылады. Жергілікті, аймақтық және республикалық салық органдарының арасында пікір қайшылықтары туындайтын жағдайлар да аз емес. Қазіргі кезде қолданып отырған, Қазақстанда қолданыстағы заңдар негізінде анықталған құқық бұзушылықтар үшін қарастырылған айыппұлдар мен өсімақылар жүйесі аса қатаң болып отыр. Айыппұл санкцияларына, негізінен қосымша есептелген салық сомасының 50% мөлшеріндегі айыппұл және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген, 2,5-ке көбейтілген қайта қаржыландыру мөлшерлемесі бойынша есептелген өсімпұл жатады. Нәтижесінде, айыппұл санкциялары мен өсімпұлдың сомасы қосымша есептелуі тиіс салық сомаларынан бірнеше есе асып түсуі мүмкін. Қаржылық кезеңдер, тексеру жүргізіліп отырған жылдың алдындағы бес күнтізбелік жыл ішінде салық органдары тексеру үшін ашық болып қала береді. Белгілі бір жағдайларда салық тексерулері бұдан да ұзақ кезеңдерді қамтуы мүмкін. Қазақстандық салық салу жүйесінің екіұштылығына орай салықтардың, айыппұл санкциялары мен өсімпұлдардың нақты сомасы, егер олар болса, қазіргі уақытқа дейін шығыстарға жатқызылған және 2015 жылдың 31 желтоқсанына есептелген сомадан асып кетуі мүмкін.

Сақтандыру мәселелері

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру саласы даму сатысында және әлемнің басқа өңірлерінде таралған сақтандыру қорғауының көптеген түрлері әлі де қолжетімсіз болып отыр. Компанияның кәсіби қызметтерді көрсетуі нәтижесінде туындаған зиянды өтеуге қатысты пациенттер мен үшінші тұлғалардың алдындағы жауапкершілігі жылына 20.000 мың теңге сомасына сақтандырылған. Егер Компанияның жеткілікті сақтандыру өтемі болмаса, залал Компанияның қызметіне және оның қаржылық жағдайына айтарлықтай теріс әсер етуі мүмкін.

Компания елеулі міндеттемелердің пайда болу ықтималдығын бағалайды және тиісті резервті өзінің қаржылық есептілігінде міндеттеменің пайда болуына әкеліп соқтыратын оқиғалар болады, ал тиісті міндеттеменің сомасы шынайы түрде айқындала алады деген жеткілікті ықтималдылық болғанда ғана көрсетеді.

Заңи мәселелер

Компания сот істері мен сот шешімдерінің объектісі болуы мүмкін. Басшылық барлық ықтимал іскерлік мәселелерді шешу Компанияның қаржылық жағдайына немесе қызметінің нәтижелеріне айтарлықтай әсерін тигізбейді деп есептейді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**20. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)****Шарттық міндеттемелер**

Компания Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық қызметтердің ақысын төлеу комитетінің Департаментімен «Жергілікті деңгейде қаржыландырылатын жолдамаларды қоспағанда, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз ету» 036 бюджеттік бағдарлама, «Мамандандырылған медициналық көмекті көрсету» 100 шағын бағдарлама және «Жоғары мамандандырылған медициналық көмекті көрсету» 101 шағын бағдарлама бойынша 2015 жылғы 5 қаңтардағы № 23/4, 23/5 тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің аясында медициналық қызметтерді қамтамасыз етуге арналған шарттар жасалды. 2015 жылға шарттар сомасы 3.431.657 мың теңгені құрайды. Шарттың талаптары бойынша Компания 2015 жылы 3.345 адамға медициналық жәрдемді қамтамасыз етуі тиіс.

21. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ**Есеп саясатының негізгі қағидаттары**

Есеп саясатының негізгі қағидаттары мен қабылданған әдістер туралы деректер, оның ішінде мойындау критерийлері, бағалау негізі және қаржы активтерінің әрбір класына, қаржы міндеттемелеріне және үлестік құралдарға қатысты кірістер мен шығыстар мойындалатын негіз *3-ескерптеде* ашылып көрсетілген.

Қаржы тәуекелдерін басқару міндеттері

Компания қызметінің ерекшеліктеріне орай Компания нарықтық тәуекелге, кредиттік тәуекелге және өтімділік тәуекеліне айтарлықтай ұшырағыш емес.

Несиелік тәуекел

Несиелік тәуекел – қаржы құралы бойынша бір тарап өз міндеттемелерін орындай алмай, басқа тарапты қаржылық шығынды көтеруге мәжбүр ететін тәуекел.

Ақша қаражаты мен олардың баламаларына байланысты несиелік тәуекелге қатысты Компания тәуекелі қарсы агенттің дефолт болуы мүмкіндігімен байланысты, бұл ретте ең жоғары тәуекел осы құралдардың баланстық құнына тең болады.

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі – бұл Компанияда қаржылық құралдарға байланысты міндеттемелерді өтеуге қажетті қаражат алуға туындайтын қиындықтар тәуекелі. Өтімділік тәуекелі қаржы активін оның әділ құнына жақын баға бойынша жедел сатудың мүмкін еместігі нәтижесінде туындауы мүмкін.

Компания өтімді қаражаттар қажеттілігін үнемі қадағалап отырады және басшылық кез келген орын алатын міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті болатын көлемде қаражатпен қамтамасыз етеді.

2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның қаржылық міндеттемелері өтеу мерзімі 3 айға дейінгі кредиторлық берешекпен көрсетілген.

Валюталық тәуекелі

Валюталық тәуекелі дегеніміз – валюталардың айырбастау бағамының өзгеруіне байланысты қаржылық құралдың келешек ақша ағындардың әділ құнындағы өзгерістер тәуекелділігі. Шетел валюталарында білдірілген банк депозиттерінің едәуір сомаларының нәтижесінде Компанияның қаржылық жағдайы туралы есебіне шетел валюталарының айырбас бағамдарындағы өзгерістер айтарлықтай ықпал ете алады.

Келесі кестеде табыс салығы есепке алынғанға дейінгі Компания пайдасының валюталардың айырбастау бағамындағы болуы мүмкін өзгерістеріне сезімталдығы (ақшалай активтің және міндеттемелердің әділ құнындағы өзгерістің салдарынан) көрсетілген, бұл ретте барлық басқа параметрлер тұрақты шама ретінде қабылданған. Компанияның капиталына ықпалы жоқ.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**21. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)**

<i>Мың теңгемен</i>	АҚШ доллары айырбастау бағамының өзгеруі	Салық салынғанға дейінгі пайдаға әсері
2015	60,00% -20,00%	2.022.697 (674.232)
2014	17,37% -17,37%	209.341 (209.341)

Капиталды басқару

Капиталға Компанияның жалғыз акционеріне келетін капитал жатады. Капиталды басқаруға қатысты Компанияның негізгі мақсаты кредитті тұрақты өтеп отыру қабілетін және Компанияның қызметін жүргізу үшін капиталдың лайықты деңгейі мен акционердің пайдасын барынша көбейтуді қамтамасыз ету болып табылады. Компания капитал құрылымын басқарады және оны экономикалық жағдайдың өзгеруіне сәйкес өзгертеді. Капиталдың құрылымын сақтау немесе өзгерту мақсатында Компания төленетін дивидендтердің мөлшерін реттей алады, Акционерге капиталды қайтара алады немесе жарғылық капиталға қосымша үлестік жарналарды ала алады.

2015 жылғы 31 желтоқсанда және 2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін капиталды басқару мақсаттарына, саясатына және процедураларға өзгерістер енгізілмеді.

Қаржы құралдарының әділ құны

Компания басшылығы 2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есептегі қаржы активтері мен міндеттемелердің ағымдағы құны мұндай құралдардың қысқа мерзімділігіне орай, шамамен олардың әділ құнына тең болады.

22. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЕСЕП АЙЫРЫСУЛАР МЕН ОПЕРАЦИЯЛАР

Байланысты тараптарға Компанияның негізгі басқарушы қызметкерлері, Компанияның негізгі басқарушы қызметкерлеріне тікелей немесе жанама түрде едәуір дауыс беру үлесі тиесілі болатын ұйымдар, Акционер, Акционер мен Университеттің жалпы бақылау астындағы ұйымдар және Қазақстан Республикасының Үкіметі бақылайтын басқа да кәсіпорындар кіреді. Байланысты тараптармен мәмілелер міндетті түрде нарықтық мөлшерлемелерге тараптар арасында келісілген шарттарда жасалды. Келесі кестеде байланысты тараптармен 2015 және 2014 жылдары жасалған операциялардың жалпы сомасы және 2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша шоттардың тиісті сальдосы көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2015	2014
Сатудан болған кірістер	3.747.631	3.772.504
Тауарлар мен қызметтерді сатып алу	250.298	181.733
Дебиторлық берешек (8-ескертпе)	66.085	115.881
Кредиторлық берешек	21.939	13.841
Мемлекеттік жәрдем қаражат (12-ескертпе)	779.127	484.886

2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанына аяқталған жылдар үшін қызмет көрсетуден түскен түсім негізінен халыққа медициналық қызметтер бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің шығыстарын өтеумен бейнеленген. 2015 жылы мұндай өтем сомасы 3.721.810 мың теңге болды (2014 жылы: 3.690.691 мың теңге).

Негізгі басқарушы қызметкерлерге төленетін сыйақы

31 Желтоқсан 2015 негізгі басқарушы қызметкерлерге жағдай 9 адамнан (2014 жыл: 8 адам) тұрады. 2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін Компанияның негізгі басқарушы қызметкерлерге төленген сыйақы 83.780 мың теңгені және тиісінше 47.649 мың теңгені құрайды, әрі ол тиісінше жалақыдан және сыйлықақы төлемдерінен тұрады.

23. КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

Басқарманың 2016 жылғы 18 қаңтардағы № 2 Шешімімен Қоғам жұмыскерлеріне қызметтік пәтерлерді сатып алу құқығымен жалдау шарттарын жасау туралы шешім қабылданды.